	<p>Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі</p> <p><b>Колледжішілік</b> <b>«Үздік куратор -2018»</b> <b>конкурсының Ережесі</b></p>	<p>Басылым 1</p>
--	--	--	------------------

**Бекітемін**

Ғылыми әдістемелік кеңес

төрайымы \_\_\_\_\_ Ж. Слямбекова

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2018ж.

**Колледжішілік**  
**«Үздік куратор -2018» конкурсының**  
**Ережесі**

**I. Жалпы ережелер**

**1. Байқаудың мақсаты:**

Байқау қазіргі қоғамдағы тәрбиенің ролін арттыру, жалпы білім беру жүйесіндегі және колледждегі тәрбие үдерісін жетілдіру, тәрбие субъектілерінің құзырлылығын дамыту мақсатында және топ кураторлары, ата - аналар мен студенттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, топ кураторларының жұмысының нәтижесін бағалау бағытында ұйымдастырылады.

**2. Байқаудың міндеттері:**

- 2.1. Ізгі, толерантты ахуал туғыза білетін кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл және талантты топ кураторын анықтау;
- 2.2. Топтың тәрбиелік тәжірибесін басқару субъектісі ретінде топ жетекшілерінің шығармашылық зертханасын айқындау арқылы тәрбие жүйесінде озат педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату;
- 2.3. Тәрбие беделін, әлеуметтік және адамгершілік маңызын арттыру, қоғамдық құндылығын таныту;
- 2.4. Тәрбие жүйесінде инновациялық және шығармашылық идеяларды ашу.


**3. Байқаудың мазмұны:**

- 3.1 Байқау барысында колледждегі шығармашылықпен жұмыс істейтін топ кураторы анықталады.
- 3.2 Байқау кезеңдерінде қазылар алқасы үміткердің деңгейін төмендегі бағыттар бойынша бағалайды;
  - топ куратор жұмысының жүйесі, тәрбиелеу және дамыту жұмыстарында қолданатын технологиялары;
  - жеке тұлғалық қасиеттері (шығармашылығы, ерік-жігері, интуиция, ұйымдастырушылық қабілеті, қарым-қатынас жасау қабілеті, өзіндік белсенділігі).

**4. Қатысушының педагогикалық қасиетінің тиімділігі мен нәтижелілігі төмендегі көрсеткіштер бойынша анықталады:**

- 4.1. Педагогикалық, психологиялық және жалпы дидактикалық білімі;
- 4.2. Тәрбие жұмысының әдістемесі және тәрбие теориясы бойынша білімі;
- 4.3. Топтың сабаққа қатысу деңгейі, білім сапасы, тәрбие бағыттары бойынша сыныптан тыс іс-шаралардың өткізілу деңгейі, ұсақ құқықбұзушылыққа бармауы;
- 4.4. Жалпы мәдениеті мен білгірлігі, педагогикалық дүниетанымы – шешендік өнері, көпшілік алдында өзін - өзі ұстау мәдениеті.

**5. Конкурс төмендегі ретпен өткізіледі:**

	<p>Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі</p> <p><b>Колледжішілік</b> <b>«Үздік куратор -2018»</b> <b>конкурсының Ережесі</b></p>	<p>Басылым 1</p>
--	--	--	------------------

5.1. Конкурса қатысушылардың визит картасы (өзін-өзі таныстыру), өзінің тәрбие жұмысындағы шығармашылық ізденісі, жаңалығы, қол жеткізген нәтиже көрсеткіші, жыл бойы өткізген іс - шараларынан бір ашық тәрбие сағатының әзірлемесі, өткізген қоғамдық іс-шаралар материалдары бойынша портфолиосын ұсыну.

Куратор жұмысының жетістіктерін көрсету үшін куратор портфолиосының маңызы зор. Портфолионы безендіру, қажетті бағдарламаға салу куратордың шығармашылық деңгейіне байланысты ерікті түрде, автордың өз қалауымен жүзеге асырылады.

Куратор портфолиосында болуы тиіс негізгі құжаттар тізімі:

1. Топ кураторы туралы қысқаша мәлімет (оқу орнының атауы, куратордың аты-жөні, лауазымы, санаты, жетекшілік жасайтын тобының атауы, курсы, мамандығы)
2. Визит картасы (куратордың тәрбие жұмысындағы шығармашылық ізденісі, жаңалығы, қол жеткізген нәтиже көрсеткіштері т.б.)
3. Нормативтік – құқықтық құжаттары (Топ кураторы туралы ереже, топ старостасы туралы ереже, ішкі тәртіп ережесі, оқытушының ар-намыс кодексі, студенттердің ар-намыс кодексі және басқа да нормативтік құжаттар)
4. Колледж әкімшілігінің топқа/кураторға қатысты өкімдері, бұйрықтары
5. Топты зерделеуге арналған диагностикалық әдістемелер, топтың бейімделуіне байланысты ұсынылатын немесе қолданылып жүрген әдістері
6. Топ кураторының семестр бойынша жұмыс жоспары
7. Топ кураторының семестр бойынша атқарған жұмыстарының есебі
8. Топ кураторының, старостаның немесе топ білім алушысының топ туралы бұқаралық ақпарат құралдарына берген мақалалары
9. Куратор журналы
10. Ата-анамен байланыс журналы
11. Өткізген іс-шараларының, кураторлық сағаттарының әзірлемелері, қатысқан қоғамдық іс-шараларының жоспарлары т.б.
12. Топ студенттеріне, кураторға топ жетекшісі ретінде берілген мадақтамалар, грамоталар, сертификаттар, алғыс хаттар және басқа да марапаттар (көшірмелері)
13. Фото және видеоматериалдар (топ кураторының портфолиосын қорғауы – 5-7 минут.)

5.2. «Менің сүйікті тобым» тақырыбындағы эссе, "Үздік педагогикалық идеялар" тақырыбында тәрбие мәселесіне озық ойлар қосу, жаңалықтар енгізу, ұсыныстар айту бағытында әдістемелік көмекші құрал ұсыну (сырттай бағаланып, конкурса дейін бағаланады);

5.3. «Өнерлі өрге жүзер...» топ кураторларының өз өнерін көрсетуі (қолөнер бұйымдарын әзірлеу, сурет салу, ермексазбен және табиғи материалдармен жұмыс, гүлдесте құрастыру, спорт саласынан өнер көрсету, актерлік шеберлік, әншілік қабілет, мәнерлеп оқу т.б.) –3 минут;

#### **5. Ұйымдастыру комитетіне ұсынылатын құжаттар:**

5.1. Байқаудың ұйымдастыру алқасына топ кураторының жеке өтініші (аты-жөні толығымен, педагогикалық өтілі, қанша жыл топ кураторы болғаны туралы, тобын көрсету);


5.2. Кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттері туралы жазылған мінездеме (пән-топтама жетекшілерінің ұсынысы);

5.3. Куратор портфолиосы;

5.4. «Менің сүйікті тобым» тақырыбындағы эссе;

5.5. "Үздік педагогикалық идеялар" тақырыбындағы әдістемелік көмекші құралы.

Құжаттарды 2018 жылдың 18 мамырына дейін қабылданады. Конкурс 2018 жылдың 23 мамырында өтеді.

	<p>Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі</p> <p><b>Колледжішілік «Үздік куратор -2018» конкурсының Ережесі</b></p>	<p>Басылым 1</p>
--	--	--	------------------

**6. Байқауға қатысушыларды марапаттау:**

1. Бас жүлде «Үздік куратор-2018» атағы;
2. Бірінші орын;
3. Екінші орын;
4. Үшінші орын;

**5. Номинациялар:**

- «Шығармашыл топ кураторы»;
- «Жаңашыл топ кураторы»;
- «Белсенді топ кураторы».

**6. Байқауға жауапты:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері.

*№1 қосымша*

**«Үздік куратор-2018»  
конкурсына қатысу туралы  
ӨТІНІМ**

<b>Куратордың аты-жөні:</b>	
<b>Лауазымы, санаты:</b>	
<b>Жетекшілік жасайтын тобының атауы, курсы, мамандығы:</b>	
<b>Конкурсқа қатысудағы мақсаты:</b>	

Директордың ғылыми-әдістемелік  
жұмыс жөніндегі орынбасары

**Р. Жакашев**

«\_\_»\_\_\_\_\_ 2018ж.